

## Балаларға әртүрлі жанрдағы шығармаларды мәнерлеп оқуды және нақышына келтіре әңгімелеуді үйретудің әдістері мен тәсілдерін меңгерту

Улжан ТУРЫМБЕТОВА,

МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының  
бірінші санатты тәрбиешісі.  
Түркістан облысы, Келес ауданы.

Мектепке дейінгі сәбилердің әдеби шығармаларды өз бетінше оқуға қабілетті еместігі мәлім. Олар әдеби мұраларды шебер педагогтың шынайы өнері, тілінің мәнері арқылы тындап, сөз сырын санасына ұялатады, лексикасын қорландырып, керегін іріктеп алуға жаттығады.

Ертеті, шағын әңгіме, өлең, әндер, мақал-мәтел, жұмбақ сияқты балаларға лайықты көркем сөз жанрларының ежелден-ақ тәрбие ісіне тиек болғаны белгілі. Мектепте, балабақшада болмаған кезде қазақ ауыл отбасыларында бала тәрбиелеу, өмірдің қыры мен сырын жан-жақты ұғындыру жұмысы ауыз әдебиет нұсқалары арқылы іске асты.

Мұндай шығармаларды сәбилер қызыға тындап, жаттап алады. Олардың сөздік желісін музыкалық әуезін игереді. Музыкалы: «Торғай», «Бақа-бақа балпақ», «Қарғалар», «Санамас» т. б. сияқты халық өлеңдері ойнақы тілімен қайталама сөзімен музыкалық үнімен бөбектерді баурап, сөз өрнегіне баулиды.

Сол себепті де «Балалар бақшасына тәрбие программасында» 2 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға әдеби шығармаларды оқу, тіл дамыту жұмысы үшін арнайы бөлім, екіден үш жасқа, үштен төрт жасқа дейінгі балаларға халық әдебиеті үлгілері «Бесік жыры», ойнақы өлеңдер, санамас берілген.

Көркем шығармаларды тындауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа өлең, таппақ жаттау арқылы оның тілі ұшталады, сана-сезімі жетіле түседі. Әдеби кейіпкерлердің жақсысына жаны ашыса, жаманынан жиреніп, бойын қорқыныш билейді. Осылайша жас сәбидің адамгершілік сезімі оянып, білімі кеңейеді. Тілінің лексикалық жағы — сөйлеу дағдылары кеніе түседі. Мектеп жасына дейінгі кезеңде оқылатын шығармалар негізгі үш салаға бөлінеді:

- 1) ауыз әдебиеті нұсқалары.
- 2) ақын жазушылардың шығармалары.

Бұл аталған шығармалар тәрбиешіге арналған бағдарламалық материалда нақты жүйеге бөлініп берілген.

Көркем әдебиет шығармаларын оқу, сабақты жоспарлауда мына жағдайларды өте мұқият ескеру керек:

1. Әрбір шығарманы оқығанда, баланың жас ерекшелігі, көзделетін тәрбие жұмысының мақсаты ескерілуі шарт. Шығарма осыған сай алынғандық тиіс. Мысалы: сәбилер (3-4 жасарлар) бірінші рет бақшаға келеді. Олардың көпшілігі сөзге сараң, ойыншық т. б. айналадағы дүниемен таныс емес. Сондықтан алғашқы 3-4 ай бойына барлық тәрбие жұмысы, оның ішінде көркем шығарманы оқып, тындату, көбінесе ойын түрінде өтіледі. Ол үшін ойынға өзек боларлық, айқын суретті (суреті өте күрделі болмасын) шығарма керек. Кейбір көлемді шығарманың лайықты бөлімінен үзінді алынады.

2. Ана тіліне арналған жоспар 14-15-күнге жасалады. Осы жоспарда қандай шығарма оқылады, оған байланысты бақылау, сурет, ойын нақты көрсетіледі. Әрбір ойынның мақсаты белгіленеді (білімін бекіту немесе дыбысқа жаттықтыру т. б.)

3. Оқылатын шығарма тәрбие жұмысының әр саласын қамтитын болуы қажет. Мысалы: жануарлар туралы, жыл мезгілдері, еңбек тақырыбы, тазалыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке баулайтын шығармалар мен мерекелік шығармалар.

4. Сәбилер тобына (3-4) тәрбиеші шығарманы мәнермен жатқа айтып беруі керек. Бұл арқылы балаларды түгел бақылап отыратын болады. Оның үстіне тәрбиешінің шығарманы жатқа айтуы балалар үшін қызықты болады, оларды жалықтырмайды. Өйткені бала тәрбиешіні тындай отырып, әр сөзді дұрыс айтуға тырысады. Сәбилерге таппақтар арнайы жаттату қиын. Сондықтан тәрбиеші өзі жатқа айта отырып, шығарманың қажетті шумағын ойын арқылы қайталау үстінде, біртіндеп өзіне ілесіп айтуға үйретеді.

5. Көркем шығарманы оқығанда, шығарманың мазмұнына өзек боларлық суреттерін пайдалану керек. Өйткені бұл жастағы балалар өз беттерімен оқи білмейді. Ал шығарманың мазмұнын сурет арқылы айқын түсінеді. Бала кейде кітаптың бетін ашып отырып, суреттің астына жазылған өлең жолдарын дәл тауып, өз бетімен оқып отырғандай айтады. Сондықтан тәрбиеші, қажетті шығарманы оқудан бұрын суретті пайдаланып (сәбилер үшін) әңгімелеседі. Сонынан шығарма оқылады. Ересек балаларға қажетті суретті шығарма оқылған соң берген тиімді. Өйткені оқудан бұрын сурет көрсетілсе, балалардың ынтасы сол суретке

ауалады да тәрбиешінің оқуына зейін аудармайтын болады.

Қорыта айтқанда мәнерлеп оқуда тіл үйрену заңдылықтарының бірі — сөздің эмоционалдық мәнерлілігін баланың түсінуі екенін еске сала кетейік. Интонациялық мәнерді бала ішкі түйсік арқылы ұғынады. Психологтардың бақылауынша, бала кішкентай кезінде-ақ, өзіне арналған сөздің мәнін түсінбей тұрып, оның интонациясының жалпы (оның жағымды, жағымсыз екенін) біліп, соған лайық жауап қайтарады.

Ол үшін мәнерлеп оқуға жаттықтыру барысында тәрбиеші әңгімелеу үлгісін бірнеше түрлерін күй таспасына жазып алып тындатуына болады. Балалардың саяхат кезіндегі немесе белгілі бір кинофильмнен алған әсерлерін әңгіметіп отырып, күй таспаға жазып алып, оны қағазға түсіріп, сол әңгімені айтқан баланың өзіне қайта оқытса, екеуі екі бөлек дүние болып шығады. Өйткені, бала өзінің еркін сөйлескен әңгімесін тексін қағаздан оқығанда сөйлеу кезіндегі эмоциялық әсерінен айырылып қалады. Әрине, бұндай кезде сөйлеу аппаратының қызметі де, дауыс та бала дағдысы мен икемділігіне бағынады. Соның салдарынан балалар үшін де, үлкендер үшін де мәнерлі көркем оқу мен қарапайым сөйлеудің бір-бірімен ешқандай байланысы жоқ сияқты көрінеді. Оқу мен сөйлеудің байланысуын түсініп, салыстыра отырып жаттығулар түрлерін жасап үйренсе, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы анық көрінеді. Көркем сөз шеберлерінің құйтабаққа жазылған сөздерін тындату арқылы да мәнерлеп оқу, көркем оқу дегеніміз не екендігі туралы ұғымдар беруге болады.

Сондықтан мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілеріне топта оқылатын әрбір көркем шығарманың көркемдігін сақтай отырып мәнерлі оқып береді. Сонда ғана бала әрбір көркем туындыдан эстетикалық ләззат алады. Онсыз оқудың құны болмайды.

Сөздің мәнерлілігін, сөйлеушінің өзі айтып тұрған нәрсеге қатынасын түсіну үшін балалар эмоциялық мәнері бойынша бір-біріне қарсы қойылатын синонимдер қатарын үйренуге тиіс.

Тәрбиешінің мәнерлеп оқуға дайындалуы тексті оқып шығудан тұрады: тәрбиеші өзін бір уақыт оқылған тексті орнына қойып, тындаушыны не қиыналатынын (белгілі бір жастағылар) түсінуге тырысады да, олардың тексті дұрыс қабылдауын жеңілдететін әдістерді іздестіреді.

Оқып берушінің орфоэпиясы. Оқып беруші орфоэпиясының дұрыс болуы — оның сөйлеу мәдениетінің, басты элементі. Сөйлеу мәдениеті жөніндегі тәрбиешілер жұмысы туралы материалдарды «Қиын сөздіктер» журналының «Дұрыс сөздіктер» атты бөлімінен табуға болады.

Әсіресе, айтылуы мен жазылуы екі түрлі, бір мағыналы сөздердің дұрыс айтылуына ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, өзінің, оның, ол не? т. б. сөздер айтылуға өзінің, оның, ол не деп айтылады, сондай-ақ шетел тілдерінен сөздік қорымызға келген шофер, километр, сантиметр, портфель т. б. сөздердің дұрыс айтылуын қадағалау керек.

Орфоэпиялық қатемін айтқаннан да, мүлдем айтпаған орынды. Сондықтан көркем шығарманы оқып әңгімелеп бермес бұрын таныс емес сөздерді сөздіктен қарап алған жөн.

Оқып беруші даусының күші. Балаларға қалай оқып беру және айтып беру керек: қатты оқу керек пе әлде жай оқу керек пе? Бұл жөнінде үзілді-кесілді бір мағыналы жауап болуы мүмкін емес, дауысты жайлап немесе қатты шығару оқылатын шығарманың мазмұнына байланысты.

Балаға кейде бәсеңдетіп орташа дауыспен ғана оқыған дұрыс. Мүлдем шуылдақ балалар да әңгімешінің, даусы бәсеңдеген сәтте тыныштала қалады.

Сондықтан тәрбиешінің мәнерлеп оқуы — бұл бір жағынан, оқылған көркем шығарманың бар әсерін балаларға түгел жеткізу әдісі болса, екінші жағынан — балалардың сөздіктерін жетілдіру мен дамыту әдісі.

Белгілі жастағы балалар психикасының эмоциялық дамуының интонация құралдары арқылы жеткен белгілі бір дәрежесі тәрбиешіге балалардың алдағы жаста лексика мен грамматиканың (морфология мен синтаксис) мәнерлеу құралдарын ұғындыруға көмектесуге мүмкіндік береді.



«МЕКТЕП» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал

# Диплом

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық «Мектеп» журналына жарияланған “Балаларға әртүрлі жанрдағы шығармаларды мәнерлеп оқуды және нақышына келтіре әңгімелеуді үйретудің әдістері мен тәсілдерін меңгерту” тақырыбындағы мақаласы үздік деп танылып, әріптестеріне тәжірибе таратқаны және елеулі еңбегі мен білім саласына қосып жүрген үлесі үшін Түркістан облысы, Келес ауданы, МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының бірінші санатты тәрбиешісі

**Улжан Турымбетова**

марапатталады



**Ж.ТӨЛТЕБАЙ**

«Мектеп» журналының бас редакторы

Қазақстан Республикасы, 2020-2021 оқу жылы





# АЛҒЫС

Құрметті

Турымбетова Улжан Уланкызы!

«Ұстаздық етпес жалықпас үйретуден балаға» - деген ұлы Абай бабамыз. Сіз жас ұрпақтың санасына сыналай енгізетін тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге өлшеусіз. Сіз – жастардың болашағын айқындайсыз, бүгін еккен дәніңіз ертеңгі жеңісті - жемісті күннің кепілі. Еліміз тыныш, халқымыз аман, бауырымыз бүтін, бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

«AMANAT» партиясы Келес аудандық филиалы атынан шынайы ризашылығым мен алғысымды білдіремін!



«AMANAT» партиясы

Келес аудандық филиалының

Атқарушы хатшысы

А.Жұмабеков

2022 жыл, қазан.





# ДИПЛОМ

№Т-0335932



*1- дәрежелі*

«Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған  
тәрбиешілер арасындағы онлайн  
блиц-турнирдің жеңімпазы

*Шурыибетова У.жан У.ланкызы*

МАРАПАТТАЛАДЫ

04 ақпан, 2021 жыл



  
ДЖАМБУЛОВА С. А.

«Ustaz tilegi» республикалық,  
ғылыми-әдістемелік орталығының  
директоры



құжаттың заңдылығын  
осы QR-кодты сканерлеу  
арқылы тексеруге болады



«Келес ауданы бойынша  
Сапарәлі Селтанов атындағы  
білім, спорт және бюджеттік  
мекемелері қызметкерлерінің  
жергілікті кәсіптік одағы»  
Қоғамдық бірлестігі



ОО «Локальный  
профессиональный  
союз работников образования,  
спорта и бюджетных учреждений  
имени Сапарали Селтанов  
по Келесскому району»

# АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Шурынбетова Чинсан !

Сізді көктемнің алғашқы шуақты мерекесі  
8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесімен  
шын жүректен құттықтаймын!

Сізге баршаға үлгі, жарқын істердің  
бастаушысы, ел бірлігінің ұйытқысы, ырыс  
пен ынтымақтың алтын діңгегі  
болуыңызға тілектестік білдіремін!

Көктем мерекесі көңіліңізге қуаныш сыйлап,  
жүзіңізге шапағат шуағын шашсын!

Әр таңдарыңыз арайлап атып, күндеріңіз нұрға  
толсын, отбасыңызға мықты денсаулық, мол  
береке, бақыт, болашаққа зор сенім, көтеріңкі  
көңіл күй тілеймін!

Сізді кәсіподақ жұмысының алға басуы мен еліміздің  
өркендеуі жолында адал қызмет етіп,  
ерен еңбектеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін!

Кәсіподақ төрағасы

Е. Селтанов

Тіркеу № 551



## Наурыз



# МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ НАСИХАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



## Алғыс хат



Тіркеу №001404

Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың рухын, ұлттық саят-санасын,  
қаһармандығы мен данатығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін  
ерекше құнды белгілер.

Жалпы орта білім беру сатысында

ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау бағытындағы жұмыстарды  
жандандыруға ат салысқаны үшін

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасының  
қызметкері

**Тұрымбетова Ұлжан Ұланқызы**

Алғыспен мадақталады.

Ұлттық орталығының  
Атқарушы директоры  
Р.Хамза



Келес ауданы  
Түркістан облысы  
2020 жыл





ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ  
КЕЛЕС АУДАНЫ

# АЛҒЫС ХАТ

*Құрметті Турымбетова Улжан Улановна*

*Болашақ ұрпаққа тәрбиемен қатар,  
ғылым мен білімнің маңызды рөлін  
бойына дарыта отырып, интеллектуалдық  
өресі, адами капиталы толыққанды  
қалыптасқан, ұлтжанды азамат тәрбиелеудегі  
сүбелі үлесіңіз бен жаңа мазмұндағы  
білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесіңіз үшін  
алғысымызды білдіреміз!*

*Сізді кәсіби мерекеңізбен құттықтай отырып,  
деніңізге саулық, отбасыңызға амандық,  
бақ –береке тілеймін.*

*Аудандық хатшысы*



*А.Тотиков*

*Абай ауылы, Қазан 2022ж.*



«МЕКТЕП» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал

# Сертификат

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық  
«Мектеп» журналына “Балаларға әртүрлі жанрдағы  
шығармаларды мәнерлеп оқуды және нақышына  
келтіре әңгімелеуді үйретудің әдістері мен тәсілдерін  
менгерту” тақырыбындағы жарияланған мақаласы үшін  
Түркістан облысы, Келес ауданы, МКҚК №3 «Көркем»  
бөбекжай бақшасының бірінші санатты тәрбиешісі

**Улжан Турымбетова**

берілді

«Мектеп» журналының бас редакторы



**Ж.ТӨЛТЕБАЙ**

Тіркеу №1323

Қазақстан Республикасы, 2020-2021 жыл